



№68 (9851)
27 тамыз,
сенбі
2022 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

ЖАЛАҒАШ

ЖАРЫШЫСЫ



Бағдарлама игілігі



Ел жаңалығы

Грант алуға өтінім қабылдау басталады

Business.enbek.kz порталында (бұдан әрі – Портал) 2022 жылғы 29 тамыздан бастап 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде 3-лек бойынша жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар алуға өтінімдер қабылдау басталады.



Мемлекеттік грант – нысаналы мақсаты жаңа бизнесті іске қосу және дамыту болып табылатын өтеусіз берілген бастапқы капитал. Грант көлемі 400 АЕК-ті 1 225 200 теңге құрайды. Әр қатысушы оны тек бір рет ала алады. Гранттар қаражаты ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге өздерінің бизнес-әлеуетін ашуға, өндірісті жолға қоюға және дамытуға, сол арқылы өзін тұрақты табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өтінім беру үшін:

- Порталда тіркелу;
- грант алу шарттарына сәйкестігіне тексеруден өту;
- бизнес-жоспар үлгісін жүктеп алып, оны толтыру және порталға енгізу;
- өтініш нысанын толтыру және ЭЦҚ кілтімен қол қою қажет.

Интернетке немесе компьютерге қолжетімділік болмаған жағдайда, халықты жұмыспен қамту орталықтарының өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында, халыққа қызмет көрсету орталықтарында, кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарында өтінім беруге болады.

Грант алу үшін бірқатар шарттарды сақтау қажет.

Жаңа бизнес-идеяны іске асыруға мемлекеттік грант алуға үміткер бола алады:

- тіркелген жұмыссыздар;
 - жеке кәсіпкерлер (тіркеу мерзімі 3 жылға дейін);
 - бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер.
- Бұл ретте үміткер төмендегі әлеуметтік санаттардың бірінен болуы керек:
- мүгедектігі бар адамдар;
 - қолданыстағы «қандас» мәртебесі бар адамдар;
 - өңіраралық қоныс аударушылар;
 - аз қамтылған отбасы мүшелері;
 - көпбалалы отбасы мүшесі (жұбайы/зайыбы);
 - мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған адам (жұбайы/зайыбы);
 - асыраушысынан айырылу бойынша жәрдем-ақы алушылар;
 - жасар.

Үміткердің «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту туралы 3 жылдан аспайтын мерзімге сертификаты болуға тиіс.

Рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз ету, адами факторды азайту, өтініш берушілерге ыңғайлы болу үшін гранттар берудің бүкіл процесі электронды форматқа ауыстырылды. Грант алуға өтінімдерді қабылдау бірыңғай терезе – Business.enbek.kz порталы арқылы жүзеге асырылады.

Грантты: қажетті құрал-саймандарды, еңбек құралдарын, технологиялық жабдықтарды, малдарды, жануарларды, құстарды, көшеттерді, бұталарды, тұқымдарды сатып алуға, орын-жайларды жалға алу ақысын төлеуге алуға болады.

Гранттар: тұтынушылық мақсаттарға, кредиттік қарыздарды өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға, акцизделетін өнімдер өндіруге берілмейді.

Гранттарды халықты жұмыспен қамту орталықтары грант алуға үміткерлердің өтініштерін қарау жөніндегі аудандық/қалалық комиссияның шешімі негізінде береді.

Үміткерлер өз бизнес-жобасын комиссия отырыстарында таныстырады. Бұл ретте комиссияның әрбір мүшесі бизнес-жоспарды бағалайды және бағалау парағын мынадай өлшемшарттар бойынша толтырады: бизнес-идеяның бәсекеге қабілеттілігі, өткізу нарықтарының пысықталуы, бизнес-жобаның қаржылық өміршеңдігі, кәсіпкерлік дағдылардың деңгейі, жаңа жұмыс орындарын құру.

Осылайша, грант беру туралы шешім комиссиялық түрде және үміткерлердің бизнес-жобаларының пысықталуын бағалаудың нақты өлшемшарттары негізінде қабылданады.

Комиссия шешімі үміткердің Порталдағы жеке кабинетіне жіберіледі. Комиссияның оң шешімі болған жағдайда үміткер банк деректемелерін ұсынады, шартқа қол қояды және одан әрі тоқсан сайын қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп береді. Мұның бәрі халықты жұмыспен қамту орталықтарына бармай-ақ электронды форматта жасалады.

“ЖЖ” ақпарат

Қайтарымсыз қаржы үлестірілді

Кәсіпкерлік саласын қолдау мақсатында мемлекет бірнеше бағдарлама әзірледі. Оның бүгінде игілігін отандастар көріп отыр деп толық айта аламыз. Ал нәтижесін сұрасаңыз, бір ғана Жалағаш ауданының өзінде осы мемлекеттік бағдарламалар қолдауымен бірнеше кәсіпорын құрылып, өңірде аталған салада серпіні қалыптасты.

Қазір пайыздық үстемақысы субсидияланған несиеден бөлек кәсіп ашамын деген жандарға қайтарымсыз қаражат та үлестірілуде. Биыл әрбір жоба авторына берілетін бұл қаржының көлемі де артқан. Мәселен, былтыр әрбір елді мекенде өз жобасын жүзеге асырамын деген азаматтарға 583 600 теңгеден қайтарымсыз қаржы берілсе, биыл оның көлемі 1 млн 225 200 теңгеге жетіп отыр.

Иә, жыл басында тиісті қаражатқа бір азамат қол жеткізген. Алайда содан бері ауданда өз жобасын жүзеге асыруға тап-пынған жандарға қайтарымсыз қаржы үлестіру тоқтап қалған болатын. Апта басында комиссия отырысы жалғасын тауып, жиырмадан астам жоба қаржылай қолдау тапты.

Облыстық мәслихат депутаты, «Өркен-Әлем» ЖШС Басшысы Жақсылық Өзденбаевтың төрағалығымен өткен комиссия отырысында қорғалған жобалардың басым бөлігі мал шаруашылығына негізделген. «Жалағаштықтар таптуарын жобаларға басымдық берген» деп біржақты шешім қабылдауға да болмайды, әрине. Себебі олардың бұл салаға басымдық беруіне де негіз жоқ емес. Аграрлық өңірде мал

азығы мәселе болмағандықтан мал шаруашылығына бағытталған жобалардың басым бөлігі көшегі комиссия отырысында қолдау тапты.

Ауданнан шалғай жатқан Жаңадария ауылында жайылымдық жер мен мал азығы аса мәселе емес. Елді мекен тұрғындарының мал шаруашылығымен айналысқысы келетіні де сондықтан. Көшегі комиссия отырысына өз жобасын алып келген жандардың қатарында жаңадариялық Гүлмарал Сақабай да бар. Ол берілген қайтарымсыз қаржыға бірнеше құнды бие алып, ауыл тұрғындарына өз өнімін ұсынғысы келеді. Алдағы уақытта кәсібі алға басса, мал басын көбейтуге де ынталы.

Көшегі коронавирус індеті деңгем тұста саумалдың нарықтың бағасы шарықтады. Алайда оны халық қымбатсыған да жоқ. Әлі де өнімнің бұл түріне сұраныс жоқ емес. Ауылда өз ауласында бие ұстап, кәсіптің бұл түрін пайда тауып отқандар бар. Десе де олардың барлығы халықтың сұранысын қамтамасыз ете алмайды. Менің кәсіптің бұл түрін таңдауым да сондықтан. Алдағы уақытта

тиісті қаражатқа бірнеше құнды бие алып, ауылда саумал сатумен айналыссам деймін. Көршілес Есет батыр ауылынан да өнімнің бұл түріне сұраныс жоғары. Қорамыз бар, жем-шөптен де мәселе жоқ, – дейді жаңадариялық Гүлмарал Сақабай.

Иә, жоба авторының іс бастауға тыңғылықты дайындықпен келгені көрініп-ақ тұр. Осындай жұмыссыз жүрген азаматтардың лезде кәсіпкерге айналғанын көргенде қуанып-ақ кетесіз. Комиссия мүшелері жаңадариялық азаматшаның жобасын бірауыздан қолдады. Себебі оның кәсіп ашуға дайындығы көрініп тұр, бір жағынан бұл ауылда жайылымдық жерден мәселе де жоқ.

Мәдениеттік Раузат Қашақбай да ауылда ірі қара өсіріп, ашатұяқтың өнімін халыққа ұсыну арқылы әлеуметтік жағдайды түзуге істейді. Бұған дейін екі қолға бір күрек таппаған елді мекен тұрғыны мал шаруашылығында бақ сынауға бел буыпты. Ол өз жобасын туган жерінде жүзеге асыру арқылы мәдениеттің өркендеуіне, сүт өнімдерін тұтынуға жағдай жасамақ.

Жобамның бірауыздан қолдау тапқанына қуаныштымын. Ертең қаражат түсісі-

мен бірнеше бұзаулы сиыр алып, ауыл тұрғындарына ет және сүт өнімдерін ұсынамын. Табиғи өнімге сұраныстың жоғары болатынын жақсы білемін. Сондықтан алдымен сүт өнімдерін нарыққа шығармақпын. Мұнан кейін мал басын көбейтіп, нарыққа өт өнімдерін де шығара бастаймын. Мемлекет салаға қолдау көрсетіп жатыр. Оған рахмет! Бүгін соның игілігін көргеніме қуаныштымын. Енді Мәдениетте кәсіпкерлік саласының дамуына мен де үлес қосамын, – дейді жоба авторы.

Комиссия отырысында мал шаруашылығынан бөлек кондитерлік өнімдер өндіру, тігін цехы сынды басқа да жобалар қаржылай қолдауға ие болды. Солардың қатарында қарақаткөңді Мархабат Темірхан да бар. Бұған дейін өз үйінде тігін тігумен айналысып, ауыл тұрғындарына көрпе-төсек, қыз жасауына қажетті басқа да өнім шығарып келген ол енді кәсібінің көкжиегін кеңейтуге ден қойғысы келетінін айтады.

Жалпы комиссияның бірінші отырысында 18 жоба авторының әрқайсысына 1 млн 225 200 теңгеден қайтарымсыз қаржы үлестірілді. Келесі күні де дәл осындай жиын жалғасын тауып, 50-ге жуық жалағаштық жарқын жоба қолдау тапты.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Егінжай – 2022



Шаруашылық мол өнімнен үмітті

Жаз мезгілі де тәмамдалып, ауданда егінге орақ түсу науқаны басталмақ. Әрине диқандарымыз жаз бойы аптап ыстыққа төзіп, өткен еңбектерінің жемісін көретін сәтте астықты шашпай-төкпей, ысырапсыз жинап алуды ойлайды. Осы орайда шаруа қожалықтардың алдағы орақ салу науқанына дайындығын білмек мақсатында егінші ауылдарға баспасөз турың ұйымдастырған болатынбыз.

Осы мақсатпен апта басында Есет батыр ауылындағы Ибраев шаруа қожалығына ат басын бұрдық. Бірден қожалық төрағасының үйіне табан тіреген бізді төраға бастаған бір топ жұмысшы күтіп алды. Қорада егінге арналған бірнеше техника тұр, ал жұмысшылар сол техникаларды алдағы орақ салу науқанына дайындау үстінде. Екі қолдары қара май болған жұмысшыларды көріп, диқандылар үшін ең маңызды жұмыстың әлі де алда екені түсінікті болды. Техникалардың жағдайымен хабардар болып, әрі қарайғы шаруа қожалықпен сұхбатымызды алқап

басында жалғастыруды жөн көрдік. – Биыл шаруашылықтан 50 гектар жерге «Лидер» тұқымы егілді. Былтыр 120 гектар жерге еккен болатынбыз. Орташа өнімміз де жаман болмай, гектарына 65 центнерден күріш алдық. Биыл су тапшылығы болады деген соң егістік көлемін қысқартқан жайымыз бар. Тәуекелге баруды жөн көрмедік. Өздеріңіз көріп тұрғандай диқандардың тынымсыз еңбегінің нәтижесінде өгіміз бітік шығып, науқанды бастағалы тұрмыз. Су тапшылығы алдыңғы жылдағыдай емес, биыл бұл мәселе шешімін тапты. Себебі

науқан басталарда барлық су келетін каналдарды қазып, тазарттық. Сосын күріштен бөлек 133 гектар жерге жоңышқа тұқымы егілді. Ал жұмысшыларға келетін болсам, қазіргі таңда 7 адамды жұмыспен қамтып отырмын. Оның екеуі күрішші, тағы бір кісіні «Күміс жас» бағдарламасымен жұмысқа алдым. Жұмысшылардың барлығы да өте еңбекқор, өз істеріне жауапты. Сол еңбектеріне сай науқан соңында қосымша сыйақы да белгілеміз, – дейді төраға Бақыт Ибраев.

Төрағаның айтуынша, шаруа қожалығының жұмысы ілгерілеген сайын ауылдың

әлеуетін жақсартуға жұмыстар жасалуда. Науқан аман-есен аяқталса, балаларға арнап ойын алаңы құрылысы басталмақ. «Әрине асып-тасып жатқан ештеңеміз жоқ, осы ауылдың тұрғыны ретінде ауылмыздың көркейгенін қалайтынымыз рас» деп ағынан жарылды ағамыз. Тағы бір айта кететін жайт, облыс әкімінің суармалы жерлерден картоп, көкөніс, бақша дақылдарын орналастыратын жер дайындау жұмыстарын ұйымдастыруға қатысты тапсырмасына сәйкес, қожалық 5 гектар жер бөліп, бақташылықпен айналысамын деген ауыл тұрғындарына үлестіріп берілді.

Алқап басы керемет сары түстес кілем төселгендей көрініс беріп тұрды. Керекарсы масақтар жерге иіліп, сап-сары баданадай дандер ерекше күтіммен қаралғаны көзге анық байқалды. «Осы көріністің бәрі әуелі Жер Ананың, содан кейін күрішшілердің арқасы» дейді күліп төраға. Сол сәтте керемет көріністің себепкері де қасымызға тұрақтады. Бізде дереу сұхбат ала кеттік.

Рақымжан Серіков ауылдағы аталған шаруашылықта 7 жылдан бері жұмыс жасайды. Бастапқыда қарапайым жұмысшы, кейін механизатор болып еңбек еткен Рақымжан қазір 5 жылдан бері күрішші ретінде жұмыс істеуде. Алғашында 45-50 гектар жерге «Янтар» күріш тұқымын егіп бастап, өнім көлемінде өсім қалыптастырып, төраға артқан сенім үдесінен шыға біліпті.

– Биыл тек күріштің «Лидер» сұрпын ектік. Рас, «Лидерге» қарағанда «Янтарға» айтарлықтай күтім қажет емес. Оның үстіне Сыр салысының бұл сұрпы «Лидерге» қарағанда суға төзімді келеді. Пісіп-жетілу уақытында да айырмашылық бар. Мәселен, «Лидер» 120-125 күннен кейін ораққа ілінсе, «Янтарды» 90-100 күннен кейін жинай беруге өбден болады. Ал салмақ жағына келгенде бірбірі «Лидердің» маңызы жоғары. Биыл тек күріштің осы сұрпын егуі сондықтан. Биыл суды тамыздың 15-не бастық. Бұйырса қыркүйектің басында орақ саламыз, – дейді білікті маман.

«Ибраев» қожалығының қарқынды тірлігі көз алдымызда тоқтаусыз жалғасып жатты. Осындай иен даланы игеріп, молшылық майданына айналдырған дала дарабоздарына қырман тасысын дейміз.

Жандос ЖАЗКЕН

Еңбек дүбірі



Бабы болса, бақша өнім береді

Еліміздің барлық өңірінде нарықтағы баға күннен-күнге өсіп бара жатыр. Соның ішінде азық-түлік бағасының тым шарықтап кетуі халықтың наразылығын тудырып отыр. Бұны әлеуметтік желілердегі бағаға қатысты жазбалардан және оған жазылған төмендегі пікірлерден аңғаруға болады. Кешеді екі адамның басы құраласа қалса, әңгіме қылатындары осы – баға. Иә, халықтың жанайқайы түсінікті. Алайда Мемлекет басшысы бағаны тұрақтындыру және оны қатаң қадағалау жөнінде тиісті министрлікке, жауапты органдарға және әр өңірдің басшыларына жедел тапсырма берді. Бағаны реттеу бағытында жұмыс та жасалып жатыр. Әйтсе де, аспандаған баға жерге түсер емес. Базарлар мен сауда дүкендеріндегі тауар бағасынан бас айналады. Әсіресе, соның ішінде азық-түліктің құны тым қымбат. Азық-түлікті халық күнделікті тұтынады. Сондықтан оған сұраныс жоғары. Оның үстіне жазғы маусымда базарға түсетін бақша дақылдары мен жеміс-жидектердің дені сырттан тасымалданады. Жергілікті өнім аз, тіпті жоқтың қасы. Жасыратыны жоқ, еңкейіп еңбек етуге келгенде, көбінің көжегесі кейін тартып тұрады. Айтатын сылтауы – аяқ су.

Жуырда облыс орталығында өткен бір жиында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Жалағаш ауданының облыс орталығына жақын орналасуы бау-бақша мен фермерлік кәсіпті дамытуға мүмкіндік беретінін және соның нәтижесінде халықтың тұрмысы сәл де болса түзеліп, баға да тұрақталатынын айтқан еді. Ауызды қу шөппен сүрте беруге де болмайды, ауданымызда «Ер-Әлі» шаруа қожалығы алма бағының өнімін биыл үшінші жыл нарыққа шығарып отырғанын айтуға тиіспіз. «Ер-Әлінің» алмасына облыс көлемінде сұраныс жоғары. Күтімі жақсы бақ өлі де бой алса, өнімін республикаға, одан әрі алыс-жақын шет елдерге экспорттаудың да ауылы алыс емес секілді. Одан бөлек, осы уақытқа дейін Жаңадария ауылының шаруалары қауынның сары-ала сортын көрші Ресейге экспортқа шығарып келді. Биыл бұл аталған ауылдағы диқандар аяқ суды сылтау қылып үйінде құр жатқан жоқ, ала жаздай еңбек етіп, өздері бір жыл тұтынатын өнімін жинауға әзір отыр. Ал қазір аудан орталығындағы базарда Таң ауылының бақша өнімдері сатылып жатыр. Әсіресе, Таңның топырағынан өсіп-өнген қауын-қарбыздың дәмі тіл үйреді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Мәшбекұлы азық-түлік қорын молайтып, бағаны тұрақтандыру мақсатында әр аудан, әр ауылдарда арнайы егістік жер дайындап, бақша дақылдарын егу жөнінде тапсырма беріп келеді. Аймақ басшысының сол тапсырмасына сәйкес көктемде аудан бойынша 256 гектар егістік жер дайындалған. Есеп батыр, Темірбек Жүргенов, Жаңаталап, Мәдениет, М.Шәменов, Ақсу ауылдарының тұрғындары да биыл бақша егіп, өнімін жөді. Арасында қыстық азығын да қамдап алған диқандар бар. Сонымен бірге көнт тұрғындарына да Ақсу ауылдық округіне қарасты «Бостай», «Ақ Бостай» учаскелерінен бау-бақша дақылдарын егуге 12 гектар жер берілді. Аталған аумақтағы жерден 87 адам өз үлесін алды. Білегін сыбанып, қолына кетпенін алып қызу кіріскен шаруалардың жерге тастаған дөні мол өнім берді. Атап айтсақ, 12 гектар аумақтың 8 гектарына картоп, ал қалғанына бақша дақылдары мен көкөністер егілді. Егістік басына барып, жаз бойы тер төккен диқандардың жемісті еңбегін көзбен көрдік. Мәселен, 10 сотық жердің 6 сотығына картоп, қалғанына қауын-қарбыз және қияр,

қызанақ, сәбіз, асқабақ, қырыққабат, жүгері егіп тастаған Қуаныш Трықбаев “Енді бірер аптада бақшамды көтеремін” деп отыр. – Аудан әкімінің тапсырмасымен «Сәрке батыр» және «Абай» ИК шаруашылықтары көктемде халыққа егістік жер берді. Жерді баптасаң, мол өнімнен үміт бар. Тек ерінбей кірісу керек. Оның үстіне бұл базар бағасын тұрақтандырудың ең тиімді тәсілі. Әрбірміз гектарлап егіп, алған өнімді базарға шығармасақ та, ауламыздан аядай болса да жер дайындап немесе осындай мүмкіндіктерді пайдаланып, жаз бойы және қыс бойы жейтін бақша өнімдерін егіп алсақ, нарыққа тәуелді болмас едік. Сосын сұраныс болмаған соң алысатарлар өздері үшін бағаны түсіреді. Мәселен, мен биыл жаз бойы базардан бақша дақылдарын сатып алған жоқпын», – дейді Қуаныш Трықбаев. Рас қой, Қуаныш 15 қарық картоп, 15 қарық қауын-қарбыз және майда дақылдар егіпті. Тым жақсы өнім беріп тұр. Айырықша күтім көрген картоп біркелкі, гүлдеп тұр. Бірер аптада қазуға дайындалып отыр екен. Қауын-қарбыздарынан ауыз тидік. Бал татиды.

Одан бөлек, майда дақылдары да бітік шыққан. Әрине, бұрын табанына су келген жердің бөрінде арам шөп болады. Алайда, Қуаныштың жаз бойы бақшалығын бірнеше мәрте отағаны көзге көрініп тұр. Өзінің айтуынша, картоп бой алып, қауын-қарбыз пәлек жайғанша қажетті тыңайтқыштарын да өз мөлшерімен уақытылы беріп тұрыпты. Бақша егіп, өнім аламын деген адам оның бейнәті барын да ұмытпағаны жөн. «Алма піс, аузыма түс» деп шалқақан жататын жалқаулардың заманы өтті. Шынын айту керек, жоғарыда айтқан көнт тұрғындары үшін берілген 87 гектар жердің барлығы жайқалып тұрған жоқ. Тұқым тастағаннан кейін ат ізін салмай кеткендер де бар екен. Ама! жоқ, бақшалығының арам шөбін отауға ерінгендердің қамбасы мен ұрасы қыс бойы бос тұрады. Сол себепті күнделікті қажетті азық-түлігін базардан жоғары бағаға сатып алуына тура келеді.

Ең бастысы, аудан әкімі бақша салатын жерді ашып, дайындап, аяқ суын әкеліп берді. Одан ары қарайғы жұмысты өнімнен үмітті адамның өзі атқаруы тиіс еді...

Қуат АДИС

Мұратымыз – туралықтан таймау

Мемлекетті мемлекет ететін заң десек, сол заңның мүлтіксіз орындалуын қадағалап, әділдік принциптерін жүзеге асырушылардың алдында қоғамның және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтан қорғайтын орган – сот жүйесі.

Ата Заңымызда айтылғандай, биліктің бір тармағы саналатын сот жүйесі – елімізде адам құқығы мен бостандығы сақталуының, қоғамдағы тұрақтылық пен дамудың қамтамасыз етілуінің бірден-бір кепілі. Сондай кепілдік пен әділеттілік болғанда ғана қоғам дамып, өркендейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы 23 қазанда ҚР судьяларының VIII съезіне қатысып, еліміздегі сот жүйесінің дамуы және судьялардың мәртебесі туралы ойларымен бөлісті. Президент атап өткен мәселенің түйінін тарқататын болсақ, соттың әділ және тазалық принциптеріне берік болуы үшін қоғам мен мемлекет бірлесе күш жұмсауы қажет. Президент Съезде жасаған баяндамасында судьялардың кәсіби деңгейі мен сот ісінің сапасына тоқтала келіп, бірқатар басымдықтарды алға қойды.


Сонымен қоса Мемлекет басшысы судья болуға үміткерлерге талаптарды халықаралық тәжірибеге сәйкес күшейту, кандидаттарды іріктеудің жаңа жолдарын қарастыру, сот үрдісіндегі қағазбастылықты шектеп, барына оңтайландыру және халыққа ыңғайлы қылу, түрлі дау-дамайларды шешуде бітімгершілік тетіктерін қосуды тапсырды.

Президенттің Кеңесте берген тапсырмасынан кейін сот реформасын заңнама тұрғысынан қамтамасыз ету үшін ҚР Парламенті Мәжілісінің арнайы отырысы өтті. Жиында сот жүйелері мен судьяларының мәртебесіне қатысты бірқатар заң жобалары мақұлданды. Атап айтқанда, сот жүйесі мен судьяларының мәртебесіне қатысты Конституциялық заңға түзетулер енгізілді. Онда Жоғарғы соттағы әкімшілік істер жөніндегі сот алқасын құру және қазіргі мамандандырылған сот алқа-

сын тарату көзделген. Жаңа заң жобасында Жоғарғы Сот Төрағасы және Жоғарғы Сот судьяларына қойылатын талаптар өзгертіліп, енді олардың биліктілік емтиханын алып тастау, заң мамандығы бойынша кемінде жиырма жыл жұмыс өтілін де жою ұсынылған. Сот жүйесін жаңғырту туралы заң жобасында инвесторлар қатыстын дауларды қарау сатылығы қайта қарастырылды. Сонымен қоса «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекске бірқатар өзгерістер енгізіліп, оны «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңына сәйкес келтіруге бағытталды.

Жоғарғы Сот Төрағасы Ж.Қ.Асанов еліміздегі сот жүйесі қызметкерлеріне үндеу жариялап, барша қазақстандықтардың, бизнес әкелдері мен инвесторлардың және бүкіл әлемдік қауымдастықтың сотқа деген сенімін жоғарылату міндетін алға қойды.

Осындай мақсаты айқын міндеттердің нәтижесінде қазір сот саласы уақыт талабына сай жаңа деңгейге көтерілді. Қара қылды қақ жарған көшегі билердің бүгінгі ізбасарлары дауды оңтайлы шешуге де атсалысып, араздасқан ағайынды татуластыруға, ел бірлігін нығайту бағытында өзіндік үлес қосып келеді. Сот судьялары мыңдаған адамның тағдыры мен дауын шешіп, олардың құқығы мен бостандығын қорғау жолындағы жан-кешті еңбектің нәтижесінде халықтың сотқа деген сенімі нығайды. Бүгінгі күні сот жүйесінің ашықтығы мен көгі жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында «Терелік», «Дыбыс-бейнежазба», «Сот кабинеті» сынды бағдарламалар енгізілгендігін атап өтуге болады. Осы қолданылып жүрген сот процестерінің аудио және бейне



тіркеуінің жетілдірілген жүйесі шын мәнісінде, сот терелігі ашықтығымен қамтамасыз етудің ғаламат құралына айналды. Көп жағдайда бұл қолданысқа енген жайттар – сот процесінің әрбір қатысушысы қазір «Сот кабинетіне» кіріп, процестің бейне және аудио жазбаларымен таныса алады. Сонымен қатар бұл жүйе процессуалдық нормалар мен сот этикасын мүлтіксіз сақтауды талап етеді. Сот жүйесінің ашықтығы мен жариялығын қамтамасыз ету бағытында процеске қатысушылардың істің барлық материалдарымен танысуға, көз келген сот сатысында істі қараудың уақыты мен орны туралы хабардар болуға мүмкіндіктер жасалған.

Сот залына кірген судья бір сәтке ағайын-туыс, жора-жолдас атаулыны ұмытып, тек заңға ғана бағынып, ар-ұятына ғана жүгінуі керек. Данышпан Абай: «Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы», – деген екен. Ендеше сот үшін бұлжымайтын ереже ар-ұяттан, адамшылықтан аттамау – біздің басты ұстанымымыздың бірі. Ар-ұятпен бірге айтылатын тағы бір қасиетті ұғым – ар-иман. Тағы сол Абай атамыз айтқандай: «Иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас

көңіл босанбас буын керек». Себебі бізге келген кісілер «мен әділет үйіне келдім, ол жерде мені күтеді, түсінеді, қабылдайды, мәселемді әділ шешеді» деп келеді. Сондықтан біз осындай құрмет пен сенімді ақтап, өз қызметімізді тиісті дәрежеде атқару, халықтың сотқа деген сенімін арттыру біздің басты міндетіміз һәм парызымыз десек те артық айтқандық емес.

Қорыта айтсақ, қазір еліміз саяси реформаларға бет бұрдық. Мемлекетіміздің биік мақсат пен асқақ мұраттарға жету жолында, халықтың әл-ауқатын жақсартып, еліміздің өсіп-өркендеуіне, әлемдік өркениетті елдермен төреземізді тең ұстаймыз деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың талпынысы мен соған сай халықтың ұмтылысы біздің де сот жүйесінің қызметкерлерін бейжай қалдырмауы керек. Әлем көшінің ортасында Президентіміз бастаған жақсылықтарға жанашырлық танытып, әділдіктен айнымауымыз бұл – біздің мемлекет пен оны құраушы халық алдындағы міндетіміз.

С.АМАТАЕВ
Жалағаш аудандық сотының судьясы

Бәрекелді!

Қайролла Қалданов – үздік ауыл әкімі

Жалпы қазақ “Әкім бол халқыңа жақын бол” дейді. Осы бір ғана қанатты сөздің астарында үлкен мән барын білген кез келген азамат туған жерін түлетуде аянып қалмайды. Ал туған жерге деген перзенттік парызын өтеу жолында жарқын жобаларды жүзеге асырған әр адамның еңбегі елеусіз емес. Біздің киелі Жалағаш жері топырағынан түлеп ұшқан, адамгершілік болмысы мен іскерлігі, жақсының жанынан табылатын мәрттігі көпке үлгі боларлықтай азаматтар баршылық. Осы тұста ауданға қарасты Еңбек ауылындағы бәрекелді, игі істердің басы-қасында жүрген, осы елді мекеннің әкімі Қайролла Қалдановтың жас болса да аға буынның аманатын лайықты түрде көтеріп келе жатқанын айтуға болады.



Жалпы еңбекпен еңсе тіктеген елді мекеннің бүгінгі тірлігі тындырымды, шаруасы ширақ. Халқы да бірлікті ту етсе, ауыл әкімі елді мекеннің гүлденуіне жүйелі жұмыс атқаруда. «Өзім осы ауылдың тумасымын. Ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайымен толық танысып. Мемлекеттік қызметке келгенге дейін әртүрлі салада жұмыс істедім. Алдағы уақытта да білім мен жинаған тәжірибемді пайдалана отырып, ауылымыздың өсіп-өркендеуіне, экономикалық әлеуетінің артуына күш салып. Еңбек ауылдық округінің одан әрі дамуына үлес қосамын. Бастысы халқымынан қолдау болса болғаны» деген ауыл әкімі осы жолда адал қызмет өтуден асқан бақыт жоқ екенін айтады.

Туған жерінің дамуына білек сыбана кіріскен ауыл әкімінің бұған дейінгі атқарған ауқымды жұмыстары, іскерлігі мен табандылығының арқасында жеткен жетістіктері, нәтижеге бағытталған әрбір ісі бүгінде Қайролла Қалдановтың «Үздік ауыл әкімі» атандырды. Тарқатып айтсақ, жуырда жыл сайынғы дәстүр бойынша «Үздік ауыл әкімі» республикалық конкурсының өңірлік кезеңі өз мәресіне жетіп, жеңімпазы анықталды. Еңбек ауылдық округінің әкімі Қайролла Жетпісұлы аталған конкурстың облыстық кезеңінің жеңімпазы деп танылды.

Аталған республикалық конкурс ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен биыл екінші рет өткізілуде. Үміткерлер өңірлік комиссияға өздерінің портфолиолары мен бейнероликтерін ұсынып, жобаларын қорғады. Ал өңірлік комиссия тұрғындардың арасында жүргізілген сауалнама қорытындылары мен өкімнің халықпен кері байланыс орнату көрсеткіштерін ескере отырып, Жалағаш ауданы, Еңбек ауылдық округінің әкімі Қайролла Қалдановтың еңбегін үздікке бағалады. Енді жерлесіміз, білікті әкім Қайролла Жетпісұлы Сыр елінің атынан конкурстың республикалық деңгейінде бақ сынады. Облыстан жеткен ақжолтай хабарды естігенде аудан үшін ортақ жетістік, ортақ мақтаныш деп есептедік. Әйткені Еңбектегі елеулі істердің бәрі, түптеп келгенде ауылдардың даму көрсеткіші ауданымыздың экономикалық-әлеуметтік деңгейінің көрсеткіші.

Айта кетейік, үздік ауыл әкімі басқаратын елді мекенде «Еңбек-Жер» ЖШС төрағасының да бір ғана шаруашылықпен бүтін бір ауылдың қажетіне жарап, өңірді өркендету жолында жарқын жобаларды қолға алғаны кейінгі буынға үлгі болары анық. Бір қуантарлығы, туған жерге тағзым етіп, елдің алғысын алуды көздеген ауыл жанашырының Еңбекте жүзеге асырған жұмыстары жалғасын тауып келеді. Ал осындай ел үшін еңбек етіп жүрген ел ағасының елеулі ісін жалғастырып жүрген, әлеуметтік әлеуетін арттыруда жүйелі жұмыстарды атқарып жүрген ауыл әкіміне елінің айтарлықтай өкпесі жоқ. Бастысы ауылда тіршіліктің көзі бар, ауызбіршілік бар, үйлесімді тірлік бар. Қалғаны кезең кезеңімен жүзеге аса беретініне сенеміз.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ



Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Садыков Талғат Қурақбаевич	Аудандық білім бөлімінің басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні сағат 16.00-ден 18-00-ге дейін	Жалағаш кенті, Ұлы Жеңістің 50 жылдығы көшесі №20	21-3-91



Азамат. Осы сөзде қаншама мағына бар десеңізші. Оны талдап жатудың қажеті бола қоймас. Алайда «Айтулы азамат» деген бағаны халық береді. Ендеше халықтың берген бағасынан артық жасаппаз баға болмайды десек, қателеспейміз. Осы орайда өткенге сәл шегініс жасап, тарихи деректерден мысал келтірмекпін. Кешегі Кеңес дәуірінде күріш өндіруден Сыр бойының мақтанышына айналған Жалағаш ауданы облыс жұртшылығының айтуынша, өңірдің Қостанайы атанған еді. Бұл 1965-1985 жылдар аралығы болатын. Осы мерзімде аудан жыл сайын 800-840 мың центнер аралығында күріш өндіріп, Отан қоймасына құйып отырды. Күріш дақылынан рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізген совхоз директорлар Ұзақ Еспанов, Алдаберген Бисенов, күрішшілер Несіпбай Әпірезов, Тұршабек Елеусінов, Қазына Жүсіпова Социалистік Еңбек Ері атағын алса, өндіріс бригадирлері Тұрлыбай Әбдіқалықов, Жақсылық Шайманов, Кенішбай Әлшоразов, Паттал Атамбаев мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары болды.



Абырой биігіндегі азамат

Айнаш Балғабаева КСРО Жоғары Советіне, Ұлмекен Телененова Қазақ ССР Жоғары Советіне депутат болып сайланды. Мұнан бөлек, осынанша күріш өндіруге қол жеткізген жүздеген адам жыл сайын орден-медалдармен марапатталып жататын. Ауданның егіншілік саласындағы жоғарыда аталғандай дәрежеге жетуіне аудандық ауыл шаруашылық басқармасының да азды-көпті үлесінің барына ешкім де дау айта алмайды. Осындай қайнаған еңбектің бел ортасынан еркез ауданның ауыл шаруашылық басқармасының бастығы Ойшы Ысқақовты да көретінбіз. Ол жай жүрмейтін, егіншілер мен механизаторларды басты іске бағыттап жүретін, өндіріске жаңа техника мен технологияны өндіру жолдарын айтып жүретін, бір сөзбен айтқанда, өндірісте шешімдей жатқан түйткілді мәселелерді шешіп жүретін.

«Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» демекші, Ойшының әкесі Ысқақ Жолдыбайұлы өткен ғасырдың 1927 жылдары жаппай ұжымдастыру кезінде елді отырықшылдыққа айналдыру, егіске суды пайдаланудың көзін табу, диқаншылықты игеру жұмысының Жаңақорған ауданындағы алғашқы ұжымдастырушылардың бастаушысы болыпты. Кейін суармалы жерді игеру кезеңінен бастап, мұраптықпен айналысып, әуелі «бала мұрап» сосын «аға мұрап» атанып, халықтың құрметіне бөленіпті. Оның жетекшілік жасауымен Жаңақорған ауданында алты каналдың қазылуының басы-қасында болып, бұл каналдардан он колхоздың егістікке су алып пайдалануларына қол жеткен. Оны көрген көнекөз қариялардың айтуынша, білгірлігі мен ұйымдастыру қабілетінің ерекшелігі жағынан одан асқан аудан аумағында Мұрап болған емес.

Ойыкең айтады: Әкем Ысқақ Жолдыбайұлы 1890 жылы дүниеге келген, кедей шаруаның баласы, жағдайы көтермектен-діктен оқи алмаған, сауаты жоқ кісі болатын. Оқымағанымен көзі ашық, көкірегі ояу, зерек, есте сақтау қабілеті ерекше, естігенін ұмытпайтын. Сұнақтардың шежіресін Әбу Бәкір ас-Сыдықтан өзіне дейін жақта білетін. Жаңақорған ауданында тұратын қоңыраттардың, қожаалардың жеті атасына дейін таратып беретін. Тұла бойы тұнған шежіре, ел-жұрттың басынан өткен қилы заман бәлестерін еңгімелеп отыратын. Өкініштісі, сол уақытта жастықпен көп нәрсеге мән бермей, айтқандарын жазып алмаппын. Осы күндері ойлансам, әкемнің ой-өрісі, біліктілігі, рухани байлығы, ағайынға деген ыстық ықыласы мен ақылдан адалдығы еріксіз таңғалдырады. Қарапайым шаруаға тән тұрғандық деңгейде жүріп, ақ ниетімен жиған-тергенін адал көңілі мен ашық алақанын ағайын-туыс пен көрші-қоланның татулығына арнап, артына тек жақсы сөз, үлгі-өнеге қалдыру ғажап емес пе? Осы жерде орыстың әлемге егілгі жазушысы Лев Николаевич Толстойдың «Әзімірден өтсе де, артына ел-жұртын сағындырып жүретін есті адамның мынадай үш үлкен қасиеті болады. Біріншіден, жұртқа берген ақыл-кеңесін өзі орындайтын болады, екіншіден, еш уақытта әділдік қарсы шықпайды, үшіншіден, төңірегіндегі жандардың қателігіне көшіріліп келеді. Бұл үш қасиет те адамның ішінен шығатын ар-иман үкімімен болады» деген сөзі еске оралады.

Әке жолын мұрат тұтқан Ойшы орта мектепті бітіргеннен кейін Алматы қаласындағы Қазақтың ауыл шаруашылық институтына түсіп, оны 1954 жылы инженер-механик мамандығы бойынша бітіріп шығады. Еңбек жолын 1954 жылы Қармақшы ауданының Ақжар МТС-ында қатардағы инженерден бастаған ол 1957-1960 жылдары Қармақшы МТС-ның бас инженері, 1960-1963 жылдары Жаңақорған аудандық партия комитетінде нұсқаушы қызметінде болды.

Өндірісте ысылған еңбекке ұйымдастыру қабілеті жан-жақты, іскерлігімен көзге түскен жас маман облыстық партия комитетінің ұсынысымен 1963 жылы Жалағаш ауданына аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінің бастығы болып бекітіледі. Қай жерде жүрсе де, қай қызметті атқарса да уақыт талабына сай басқарса білудің, өндірісті үнемі дамытудың, шеңберін ұлғайтудың, совхоздарға қызмет көрсетудің, сапасын жақсартудың арқасында бұл еңбек коллективі ол басшылық жасаған сегіз жыл ішінде социалистік жарыстың жүлдегері атанды.

Табысқа қолы жетсе де тасымады, сәтсіздік болған сәттерде оған жасымалды. «Адамға бастысы – ақыл, қорғаны – сабыр» деген көнекөз қариялардың айтқан ұлағатты сөзін осындай мезеттерде есіне алып отырады. 1971 жыл Ойыкең үшін еңбегі жанған естен кетпес жыл болды. Олай дейтініміз, аудандық партия комитеті

облыстық партия комитетімен келісе отырып, оны аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы және аудандық Советі атқару комитеті председателінің бірінші орынбасары етіп тағайындады. Бұл қызметті ол үзбестен он бес жыл атқарды. Азаматтың ардақтылардың қатарына қосылуына, ел билеу жұмысына араласуына, абырой-атаққа ие болуына, оның жан-жарының тікелей қатысы барлығы жайлы өмірден өткен ата-бабаларымыздың айтып кеткен өсиет сөздері баршаға аян. «Бір жақсы, бір жаман әр жерде бар, екі жақсы қосылған қай жерде бар» дегендей, ұлағатты ұстаз Мария Сүлейменқызы Ойекеңнің өмір жолын сәулелендірді десек, артық айтқандық болмас. Ауданда ауыл шаруашылығын өркендету жолында күш-қуатын беріле жұмсаған басшылардың алдыңғы сапында болды.

Өз уақытында жас мамандарды ауыл шаруашылығы басқармасына қызметке орналастырып, олардың жан-жақты тәжірибе жинақтауына, білімін ұдайы көтеруіне, өндіріске барғанда білікті маман ретінде еңбек етуіне қамқорлық жасауды үнемі есінен шығарған емес. Қайта оны басының басты міндетінің бірі деп санады. Соның дәлелі бүгінде оның қамқоршы басы болғандығын айтып отыратын ел арасында азаматтар аз емес. Оның бір мысалы, Ойекеңнің шәкірттерінің бірі, Жаңақорған ауданының әкімі болған, кейін Еңбек және халықтың әлеуметтік қорғау министрлігінің Қызылорда облысы бойынша департамент директоры қызметін атқарған Салхадун Мырзабековті еңгімеге тартқанымызда айтқаны:

“Ұстаз – адам жүрегіне жылы тиетін сөз. Көп жағдайда мектеп мұғаліміне айтылады. Сол сияқты бұл сөзді өндіріс орындарында да қолдануға болады. Мәселен, мені Жаңадария совхозында бас экономист болып жүргенімде аудандық ауыл шаруашылық басқармасына экономика жөніндегі орынбасар етіп қызметке алды. Ойекең менің өндірістегі ұстазым болды” деді ол. Мұндай жылы лебізді, оның қамқорлығында болып, ақыл-кеңесін тындап өскен ауыл шаруашылық басқармасының бұрынғы бас экономисті Бердан Әмітов, бас инженер-механик Асылбек Тәуіпбаев, бас инженер-гидротехник Қалияр Көшкінбаев және басқа да азаматтардан естіп жүрміз. Бұлардың алды қазір зейнеткерлікте. Кейін Б.Әмітов ауданның салық комитетінің, А.Тәуіпбаев автобаса директорлығын, Қ.Көшкінбаев аудандық жер қатынастары бөлімін басқарды.

Күнделікті өмірде, біздер басты адамның мәдениеттілігіне, жүріс-тұрысына, киім киісіне көп жағдайда мән бермейміз. Ал Ойекең туралы еңгіме қозғағанда бұл тақырыпқа тоқталмай кетудің өзі жөнсіз. Онымен жұмыстас болғандар оның сабырлылығына, әдептілігіне, лауазымын пайдалануы, орынсыз дауыс көтермейтіндігіне қай мәселені де байыппен шешетініне тәнті болатын. Ойекең – өз замандастарына қарағанда еңбекте ерте есейіп, жауапты аты бар қызметке ерте араласып, халықтың ризашылығына бөленген азамат. «Түсі ігден түңілме» дегендей, байқаған адамға оның жүзінен жылылықтың лебі есіп тұрғандық көрінеді. Сөйлеген сөзінен, жүріс-тұрысынан сабырлықтың, ұстамдылықтың, әдептіліктің, мәдениеттіліктің, аңғарымпаздықтың, парасаттылықтың белгісі аңғарылады.

Қандай жауапты қызметте отырса да аспайды, таспады, ыза жерді баспады. Атқарған сан алуан үлкенді-кішілі мемлекеттік қызметте абыройлы болды. Жоғары орган тарапынан алғысқа бөленді. Қоғам және мемлекет қайраткері Сейілбек Шаухаманов «Өмір деген – күрес, өмір деген – жарыс, өмір деген – намыс, өмір деген – бөйге» дейтін. Ойекең – сол өмірдің бәлестерінен сүрінбей өтіп, бүгінде тоқсанның төрінде отырған ардақты азамат, қазыналы қария.

Ол кезде ауыл шаруашылығына байланысты мәселелердің басым бөлігі ауыл шаруашылық басқармасы арқылы шешілетін. Басқарма бастығының алды адамнан босамайтыны түсінікті. Совхоз тіршілігінің уақыт куттірмес сан қилы мәселелері, келім-көтімнің жеке шаруасы, арыз-шағымы дейсің бе, әйтеуір қат-қабат қарбаластан басқарма бастығының алды бір сәт босамайтын. Ойекең мұның бәрін қабақ шытпастан, сабырмен, кейінге қалдырмай шешетініне талай куә болғанбыз.

Ауданда қызмет жасаған кезде Исатай Әбдікерімовтей, Сұлтан Амановтай, Қонысбек Қазантаевтай, аудандық партия комитетінің бірінші хатшыларымен қоян-қолтық қызмет жасап, олардың мектебінен ысылып шыққан ол облыс бойынша

аудандық ауыл шаруашылық басқармасының ішіндегі өз қатарларының білікті басқарма бастығы болды. Ол жайлы айтар сөз көп. Бірақ оның барлығын бір мақалаға сыйғызу мүмкін емес. Оның жүріп өткен өмір жолына қарап отырып, академик, жазушы Сәбит Мұқановтың:

Бірақ мен адам емес ізім тақыр, Мейлі жұрт «алтын» десін мейлі «бақыр». Жолында өзім өрген ұлы көштің, Бірталай мен қалдырған ізім жатыр» деген өлең жолдары еске түседі. Мұны ешкім артық айтылған теңеу екен деп айта қоймас. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де Ойекең еңбектен қол үзген жоқ. Жазу еңбегімен айналысты. «Менің Өмір мектебім» атты алты бөлімнен тұратын, Жалағаш ауданының елу жылдық тарихын баяндайтын және «Көргендерім мен көңілдегілерім» деген ой-толғаулардан тұратын кітаптарды өмірге келтірді. Арада біраз жыл өтіпті. Бірақ ештеңе ұмытылған жоқ. Бәрі өз жалғасын тапты. Кешегі ауыл шаруашылығы саласының айтулы басшысы болған Ойшы Ысқақов бүгінде еңбек демалысында. Үлгілі шаңырақтың иелеріне айналған жубайы Мария екеуінің өзгелер үшін де берер өнегесі жетерлік. Отбасының тәрбиесін бойына сіңіре білген балалары Жангелді мен Бауыржаны – көсіпкер, Маржаны – дәрігер, Майра мен Нәйләсі – ұстаз болып еңбек етеді. Осылардан 15 немере, 4 шөбере сүйіп отырған атасы «қазағын сүйіндіргей» деп шүкірлік жасайды.

Ойекеңнің достары көп еді. Сол жайлы есіне салғанымызда, былайша сыр ақтарды: “Нағыз достық балалық кезден бастау алады. Мен Нәлқожа Ерғешбаевпен мектепте бір сыныпта, институтта бір топта оқып, қиындығы мен қызығы мол балалық шағмыыз, естен кетпес жастық кезіміз бірге өтті. Кейін «Казсельхозтехника» бірлестігінде қызметтес болдық. Екеуіміздің мектеп оқымыс кезінде басталған достығымыз, жолдастығымыз Нәлқожа өмірден өткенге дейін жалғасты. Екеуіміздің алғашқы танысуымыз сонау 1946 жылдың мамыр айында болып еді. Нәлқожа 8-10-сыныптарды біздің мектепте оқыды. Екеуіміз бір сыныпта оқып, жақсы достаспып кеттік. Аудан орталығындағы балаларда велосипед менде және тағы бір балада болатын. Нәлқожа менімен велосипед тебуді үйреніп, демалыс күндері сол велосипедпен «Бірлік» ұжымшарындағы үйіне барып тұратын. Сегізінші сыныпты жиырма шақты бала оқытын едік. Содан 10-сыныпқа 6 бала ғана жеттік, ол кезде үлгерімі нашар балаларды келесі сыныпқа көшірмей, 2-3 жылдап бір сыныпта қала беретін. Сол алтауымыз 1949 жылы мектепті бітіріп шықтық. Ендігі арманымыз – жоғарғы білім алу. Мектеп бітіруші жастар үшін қай кезде де көп толғандыратын күрделі мәселе – мамандық таңдау.

Біз мамандық таңдауды оқу жылы басталысымен-ақ бір сәтте естен шығармадық. Аз ғана бос уақытымыз болса, тіптен сабақ арасындағы үзілістерде де әртүрлі мамандықты деңгейіміздің жеткеніше талқылайтын едік. Мұндайда бір-бірімізбен келіспей қалатын кездеріміз де жиі болатын.

Мектепті бітірерден 2-3 ай бұрын болашақ қандай мамандық иесі болатынымызды белгілеп, соған тұжырым жасадық. Біз Нәлқожа екеуіміз ауыл шаруашылығының инженер-механигі болуға тоқтадық. Ондай шешім қабылдауымызға Нәлқожа екеуіміз ауыл еңбеккерлерінің адам тәзгісі ауыр жұмыстарын көріп өстік, ауыл шаруашылық жұмыстарының барлығы егіншілік, мал шаруашылық жұмыстары қолмен атқарылады. Қолмен атқарылғандықтан егіс көлемі аз. Еккен егіндері тамақтарына жетпейді. Соғыс аяқталғаннан, елдің жағдайы өте ауыр, ашаршылықтың аз-ақ алдында болатын. Елді ашаршылықтан құтқарып, халықтың тұрмыстық жағдайын жақсарту үшін егіс көлемін арттыру, мал басын көбейту, еңбекшілерді ауыр қол жұмысынан босату қажет еді. Мұның жалғыз жолы ауыл шаруашылық жұмыстарын техника құшмен атқару еді. Бұл оңай атқарыла қоятын жұмыс емес екенін білдік. Бірақ ел үшін атқарылуға тиісті осындай ауыр жұмысқа біз сияқты жастар бармағанда кім барады деп Нәлқожа екеуіміздің таңдаған мамандығымыз еді.

Мектеп бітіруші сыныптастарымыз Пайзрахман Әмежанов инженер-гидротехник болуды, Әуелбек Зұлхарнаев, Әбдәшіп Осанов және Асқар Ыбрайымовтар мұғалім болуды қалады. Бұлардың мұғалімдікті қалағаны ол кезде халық шаруашылығының қай саласына да жоғары білімді мамандар түгілі орта білімді мамандар жетіспейтін. Ал мамандар даярлау үшін оған балаларды мектептен дайындау керек. Ол үшін мек-

тептерде мұғалімдердің білім дәрежесі жоғары болу қажет деп шешті. Бұл шешімді де дұрыс деп мақұлдадық.

Сонымен мектеп бітіргеннен кейін Нәлқожа екеуіміз 1949 жылы Алматыдағы Қазақ ауыл шаруашылық институтының ауыл шаруашылығын механикаландыру факультетіне оқуға түстік. Осы факультетке бізбен 8-9-сыныпты бірге оқып, 10-сыныпты Қызылорда қаласында бітірген Мұсахан Жапаров та түсті. Үшеуіміз бес жыл бойы бір топта оқып, жатақхананың бір бөлмесінде жатып, бір қазаннан тамақ ішіп, институтты бірге бітірдік. Біз оқыған жылдары елдің тұрмысы соғыс кезіндегіден аса өзгере қоймаған кез еді. Үшеуімізге де қаржылай көмек жотқын қасы. Көмек беретін атаналарымыздың мүмкіншіліктері бола бермеді. Тек демалыс кезінде елге барғанда азын-аулақ талқан, сөк, күріш беретін. Бес жыл бойы шәкіртақымен оқып шықтық. Ауылдан келген, орысша біле бермейтін біздерге орыс тілінде оқылатын дәрістерді түсіну, оны конспектілеу, білгенімізді орыс тілінде мұғалімдерге айтып жеткізу қиынның қисыны. Мұғалімдеріміздің деңі орыс кісілер болатын. Бізге алға қойған мақсатымызға жету үшін біріншіден, орыс тілін үйрену, екіншіден, сабақты үлгеріммен оқу, үшіншіден, ауылдан келген бізде мәдениеттілік жетісе бермейтін, соның орнын толтыру керек еді. Бұларды игеру бізге оңайлыққа түсе қоймады.

Орыс тілін үйрену мен сабақтарға дайындалуымызға бірге оқитын менен 7 жас үлкен, соғысқа қатысқан офицер Жаудат Каримов деген татар жігітінің көмегі көп тиді. Түсінбейтіндерімізді содан сұрап, соның конспектісін жиі пайдаланатынбыз. Бізге қажетті кітаптар дүкендерде емес, тек кітапханаларда болатын. Институттың, қаланың және Пушкин атындағы қазіргі Мемлекеттік орталық кітапханаға жиі барып, сабаққа дайындалатын едік. Осы еңбектеріміз босқа кетпеді. Әдепкі екі жыл қосым болғанымен, үшінші курстан бастап 4-5-тік бағаға оқитын болдық. Бес жылда шәкіртақысыз қалған кезіміз болған жоқ.

Екінші курстың қысы демалысында елге келгенімде, әке-шешем пальто алып киерсің деп ақша берді. Алматыға келгесін маған пальто алу үшін бір бөлмеде жататын жетеуіміз базарға бардық. Алатын пальтомыз жетеуімізге де киюге жарайтын болу керек. Ұзақ таңдап жүріп, Алматыда қыс аса суық болмайтындықтан күз-көктем айларында киетін пальто алдық. Алған пальтомыз Нәлқожа мен Андрей Дудин екеуіне тарлау, Мұсахан екеуімізге кеңдеу, басқаларына да қонып тұрғаны шамалы. Сол пальтоны институт бітіргенше кезекпен киіп жүрдік.

Нәлқожа да, мен де бұрын қалада болмаған, театрды көрмеген, операны тыңдамаған, баланың бидің не екенін білмей өскенбіз. Оқудағы қиындығымызға қарамай осы олқылығымызды толтыруға талпыныс жасадық. Демалыста елге барғанда беретін азын-аулақ ақшаға театрға барамыз. Нәлқожа екеуіміз баланың би үйрететін ақылы үйірмеге барып би үйрендік. Бірде Алматының орталық паркіндегі би алаңында баланың биден конкурс болып, Нәлқожа бірінші орынды жеңіп алғаны бар. Институтты 1954 жылы бітіріп инженер-механик деген мамандық алып, үшеуіміз де Қызылорда облысына жолдамамен келдік. Нәлқожаңы Арал МТС-ына жіберетін болды.

Біз жұмысқа араласқан 1954 жыл халық шаруашылығының барлық саласы, әсіресе соғыс зардабынан әлі арыла қоймаған ауыр жылдар болатын. Тұралап қалған шаруашылықты қайта қалпына келтіру көп болып жұмыла еңбек етуді, асқан ұйымшылдық пен жауапкершілікті қажет ететін кез еді. Әріне оны соғыс кезіндегі қиындық пен тапшылықты көріп өскен, төпсе темір үзетін жігерлі, білімді жастардың күш-жіратынсыз жүзеге асыру мүмкін емес. Нәлқожа Арал МТС-ына қатардағы механик болып барысымен осынау жұмыстарға білек сыбана кірісіп, техникаларды сапалы жөндеу, оны ұқыпты пайдалану, оған механизмдерді үйрету сияқты сан-салалы қыруар шаралардың бел ортасында жүрді.

Қабілет-қарымы мол, колға алған ісіне мығым, ұйымдастырушылық қабілеті дара-лаып тұрған ол көп ұзамай Тереңөзек ауданындағы Аламекең МТС-ына әдепкіде жас инженер, кейін оның бастығы қызметіне жоғарылатылды. Қызмет бабында жоғарылау қарсылықсыз да бола қойған жоқ. Бірақ қарсылықтарды өзінің жұмысқа бар ынтыасымен беріліп, білікті басшылық етуі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында жеңіп отырды. Қарсылықтар лауазымы артқан сайын азаймады, керісінше көбейіп отырды. Нәлқожа сол қарсылықтарға мойымай, еңбектену білудің

арқасында ғана оларды жеңіп отырды.

Алла адамды абыройлы, бақытты етемін десе, алдымен оған ақыл мен қабілет беріп, жақсылармен жолдас, тағдырлас етеді екен. Нәлқожа ақылдан да, қабілеттен де кенде болған жоқ, оның үстіне ол Нұрғали Тұршөков, Балтабай Сересенов, Мұстақым Ықсанов, тағы басқа көптеген қадірлі ел ағалары, абзал азаматтармен қызметтес ері жақсы сыйластықта болды. Олардың іс тәжірибесін үйренді. Соның арқасында небары 7-8 жылда облыс деңгейіндегі жауапты қызметке көтерілді.

Нәлқожаңың ұйымдастырушылық қабілетінің ерекше танылған кезі Тереңөзек, Сырдария аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшысы болған жылдар еді. Оның аудандардағы жұмыстары жайлы қызметтес болған кісілер айтар. Оның облыстық «Казсельхозтехника» бірлестігінің басшысы кезінде Жалағаш ауданының экономикасын көтеруге қосқан қыруар еңбектерінің куәгерлерінің бірі мен едім. Ол кезде мен Жалағаш аудандандық «Казсельхозтехника» бірлестігінің бастығы болатынмын.

Нәлқожамен сегіз жылға жуық бір салада қоян-қолтық жұмыс істедім. Мен бастық болдым деп оның тарапынан екеуіміздің арамыздағы достығымыз, жолдастығымыз ұмытылмады. Бірақ ол жұмыс бабына ешқандай әсерін тигізбеді. Бастық ретінде талап қоя да, оның орындалуын сұрай да білетін еді. Нәлқожаға қандай жұмыспен барсаң да ол мәселені ауқымды, жан-жақты қарап, барған мәселені туралы оның шешіміне риза болып шығатын едік. Оның Жалағаш ауданының болашағы туралы айтқан болжамдары толығымен келді.

1965 жылы Жалағаш қайтадан Қармақшы ауданынан бөлініп, өз алдына аудан болды. 1985 жылы ауыспалы егістігін қоса есептегенде ауданда 40289 гектар жер ин-женерлік тегістеуден өтіп, күріш дақыланың көлемі 18 мың гектарға дейін өсті. Жалағаш ауданы күріш фабрикасына айналды.

Ауданда техника саны күрт өсті. «К-700» сияқты алып трактор, басқа да тракторлардың саны 1200-ден, шынжыр табанды комбайндар саны 600-ден асты, басқа да жүздеген ауыл шаруашылық техникасы болды. Егістікке жылына 20-25 мың тонна минералды тыңайтқыш пайдаланылатын дәрежеге жетті. Осындай қыруар техниканы тиімді пайдалану, минералды тыңайтқыштарды уақытында шаруашылықтарға жеткізу үшін «Казсельхозтехника» аудандық бірлестігінің материалдық базасын жақсартуға Нәлқожа айтқанында түріп, үлкен көмек жасады.

Нәлқожа Жалағаш ауданына көрсеткен көмектей жәрдемді облыстың басқа аудандарына да жасап тұрды. Бір сөзбен айтқанда, оны орта мектеп бітірердей арманына жетіп, халқына адал да қалтқысыз қызмет етіп, ел қадіріне бөленіп өткен жан дер едім. Қазақ халқы жастық жігерін, білімі мен қажыр-қайратын өз елінің, өз жерінің есіп-еркендеуіне, дамып нығаюына өлшеусіз үлге қосқан азаматтарын қашанда қадірлеген. Олардың өмір және еңбек жолы кейінгі жас ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге етіп отырған. Өйткені бүгінгі күні жеткен жетістіктерімізге де, толайым табыстарымызға да, ғасырлар бойы арман етіп, қол жеткізген тәуелсіздігімізге де кешегі өткен Нәлқожа сияқты абзал азаматтардың қосқан үлесі қомақты.

«Әр дәуірдің әртүрлі адамы бар, әр мезгілдің әр түрлі сарыны бар» дегендей, өз дәуірінің Ойшысы атанған, оның еліне өткен еңбегі кезінде мемлекет тарапынан өз бағасын алды. Мысалы, кеудесіне «Құрмет белгісі», әкі рет «Еңбек Қызыл Ту» ордені және он медаль тағылды, Қазақ ССР Жоғары кеңесінің «Құрмет грамотасымен» марапатталып, Қазақ ССР ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген азаматы атағын иеленді. Республикалық дәрежедегі зейнеткерлікке шыққан ол – бүгінде «Жалағаш ауданының Құрметті азаматы». Алайда азаматтың азаматтылығын қалың көпшілікке паш ету, жасаған жұмыстарын таразылау, жақсылығын айту, өскен ортасынан сөз қозғау, есте қалған деректерден мысал келтіру мұның бәрі – автордың кейіпкерге деген құрметі.

Осымен ойымызды тоқтата келіп, ол Алматыда, мен Жалағашта еңбектес болған жылдардан оның 90 жылдығына арнап жазымда қалған деректерді боямсыз қағаз бетіне түсіріп, баспа бетіне жариялауды жөн көрдім. Бұған өзі де, оны білетін замандастары да риза болар деген ойдамыз. Өйткені ізі бар әрбір адамның жүріп өткен жолы келесі ұрпақ үшін өмірдің жалғаса берер өнегелі сабағы, ашулы мектебі сияқты көрінері хақ. Сырда туып, Сырда өскен, еңбегімен елінің құрметіне бөленген ардагердің шуақты күндері таусылмасын.

**Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі,
Жалағаш ауданының
Құрметті азаматы**

Қуанса, бала қуансын

Тасадағы таланттардың бағын жандырып, талабын шыңдауда, қай баланың қай өнерге бейім екенін анықтап, қарым-қабілетін ашуда түрлі бағыттағы сайыстардың маңызы зор. Әсіресе ұлттық ойындар мен спорттық шаралар баланың физикалық, тұлғалық ерекшеліктерін шындаса, интеллектуалдық сайыстар ойлау қабілетін дамытып, сана-сезімін оятады. Жалпы тағылымды тәрбие – бала болашағының іргетасын қаласа, осындай түрлі бағыттағы сайыстар, балалар үшін жасалған әрбір жұмыс ынталы, бәсекеге қабілетті және жан-жақты жас өрөннің өсіп жетілуіне тікелей әсер етеді.



Бақыттың мекені – балалық шақ

Балалар жылы аясында жыл басынан бері қаншама жүйелі жұмыстар жасалды. Бала бәріміз үшін өмірімізді жалғайтын ұрпағымыз, тіпті елдің даму көшін бастайтын ертенгі текті тұлғаларымыз. Осы бүгінгі буын текті халықтың тектілігінен ажырап қалмауында қазіргі қоғамның сіңіретін еңбегі зор. Өрине қоғамға ортақ болғанымен, ең әуелі ұстаз бен ата-ананың рөлі маңыздырақ. Баланы жастан емес, ана құрсағынан бастап тәрбиелеу керек деген сөздің жаны бар. Қазақтың қарапайым қарадомалақ балалары алты құрлықта өткен әлемдік деңгейдегі сайыстарда ел мерейін өсіруде.

Алақандай ауылдан шыққан жұдырықтай талай баланың жүлдізы жанып, қарым-қабілетімен дарындылар қатарына қосылуда. Быылғы балалар жылы аясындағы ұйымдастырылған ауқымды шаралардың бірі жуырда ауданға қа-

расты Жаңаталап ауылында өтті. Ауылдағы шағын орталық стадионда өткен «Бақыттың мекені – балалық шақ» атты түрлі бағыттағы сайыстың тартысты өтуіне ауыл балалары толық дерлік атсалысты.

Сайыс барысында естияр балаларға арналған шапшаңдықты шыңдайтын спорттық, әң көркем сурет өнері секілді жарыстар ұйымдастырылса, бүгдіршіндер «Еңбектеу менің еңбегім» кезеңінде ата-аналарының қолдауымен қабілеттерін көрсетті. Өзге сайыстардан ерекшеленген бұл сайыстың 3 кезеңінде де айла-шарғы, қулықтан ада, періште көңіл пәк сәбилер көпшіліктің ерекше ықыласына бөленді. 10 метрге еңбектеу, ыдыстағы заттарды алып анасына беру сынды әрекеттерді жарыса жасаған сәбилер аталған шараның қызықты өтуіне себепкер болды. Сайыс барысында өзіндік ерекше қабілеттері-

мен дараланып, үздік өнер көрсеткен балалар жүлделі орындарға ие болып, кей бүгдіршін өмір жолындағы алғашқы жетістік шыңына шықты. Мәселен, I орынды Сағынбай Аңсар, II орынды Сейсенбек Нұрәлі, Сұлтанбек Көзайым және Ғайнулла Нұрахмет бөліссе, III орынды Талғат Мұхаммед, Қайыпбек Нұрәлі мен Жағыпар Иманғали алды.

Жалпы баланы қазіргі смартфондардан ажыратудың бірден бір жолы – кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мен салауатты өмір салтына бейімдеп, еңбекке баулу. Бұл ретте жоғары деңгейде жұмыс жасамасаңыз, балаға ұрысып, телефонын тартып алып, кітапханаға кіргізіп жібергеннен түк шықпайды. Бала өз өркімен ізденетіндей тәсілдерді қолдану қажет. Яғни мектептегі білім беру процесі бір ізді болмауы керек. Әр пәннің өзіндік ерекшелігі болғаны сияқты, сол пәннің мұға-

лімі баланы қызықтыру үшін әр сабақты тыңғылықты дайындықпен жоспарлауы тиіс. Жаңаша әдіс-тәсілдер, ойындар, интеллектуалды сайыстар сабақ оқуға деген ынтаны оятады, баланы жігерлендіреді. Жаңаталап ауылында өткен осы шараның да негізгі мақсаты сол балаларды салауатты өмір салтына бейімдеп, бойын шынықтырып, алға мақсат қою арқылы нәтижеге, жеңіске жетуге ынталандыру. Сол кішкентай болсын еңбектің үлкен жетістік әкеле алатынын ұғындыру болатын.

Шара соңында Жаңаталап ауылдық округінің әкімі Қуаныш Әбдіқалықов балалар жылы аясында өткен сайыстың маңыздылығына тоқталып, ауыл балаларына арнаған мерекелік сыйлықтары мен тәттілерін үлестірді.

Нұр НАУАН

Байқау

Болашақтың тұтқасы жас өрендерге

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды елімізде «Балалар жылы» деп жариялауы тегін емес. «Не өксең, соны орасың» демекші, қазіргі жас ұрпаққа бүгіннен бастап ерекше көңіл бөлу, яғни оларға рухани ұлттық тәрбие беріп, бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру ел ертеңіне бей-жай қарамауымыздың белгісі. Балалар – мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. Сондай-ақ баланың рухани тәрбиемен қоса физикалық тұрғыдан дамуы да болашақ ел қорғайтын азаматтарымыздың қалыптасуына едәуір ықпал ететінін ұмытпауымыз керек. Осы бағыттарда ауданымызда жыл басынан бері бірнеше шара ұйымдастырылды.



Соның бірі аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен өткен "Спорт – денсаулық кепілі" тақырыбындағы балалар арасында шахмат, дойбы ойындарының байқауы. "Байқаудың негізгі мақсаты балалардың салауатты өмір салтын сақтап, спортты серік етуге баулу. Спорт – адам денсаулығын нығайту құралы ғана емес, ел мәртебесін әлемде асқақтататын бірден-бір күш болып табылады. Спорт – жасөреннің сенімді серігі болуы керек", – дейді байқауды ұйымдастырушылар. Жарыста "Наркескен" спорт клубының қызметкері Пазылбеков Ақжілдінің төрешілік өтуімен жүлдегерлер анықталды. Жас өрендер арасынан топ жарып, 1 орынды Нағашыбек Зарина иеленсе, 2 орынды Асылханқызы Нұрай, ал 3 орынға Ермек Сұлтан тұрақтады. Жарыс соңында жүлдегерлермен қатар "үздік" деген қатысушылар да алғыс хаттармен марапатталып, сыйлықтарға ие болды. Жалпы байқау өте жоғары дәрежеде өтті, жас өрендердің барлығының дерлік шахмат, дойбы ойындарын жетік меңгергендігі байқалды. Сонымен қатар шара барысында "Спорт – сенімді серігің" тақырыбындағы кітап көрмесі де таныстырылды. Балалар кітапханада бірнеше сағат қана болса да, сол уақыттың ішінде біраз рухани білім алып, уақыттарын өте тиімді өткізді.

– Кітап оқимын, ізденемін деген жас өрендерге әрқашан кітапхана есігі ашық. Биыл «Балалар жылы». Сондықтан балалардың рухани мәдениетін байытып, туған елі мен жерін сүюге, ата-анасын сыйлауға, үлкенге құрмет көрсетуге, имандылыққа тәрбиелеу бүгінгі күннің міндеті. Қазақта «Адам болатын бала – алысқа қарайды» деген сөз бар. Дәл қазіргі уақытта білімді, алғыр жас өрендердің көптеп шығуына осындай шаралардың маңызы зор. Өрине балалар жылында бос ураншылдыққа салынбай, нақты жобалар қамтылып, іс жүзінде балаларымызға пайдамыз тисе екен дейміз. Айта кетейін, шараның осындай жоғары дәрежеде өтуіне демеушілік еткен кәсіпкер Еркін Базарбайға алғыс білдіреміз, – деді кітапхана қызметкері Раушан Қалиева.

Айтулы жылда аудандық кітапхана бірнеше іс-шара өткізуді жоспарлап қойыпты. Балалар жылында әлі де атқарылатын шаралардың легі көп көрінеді. Десе де балаларға қамқорлық тек бір жылдың аясында ғана қалып қоймай, жылдан-жылға жалғасын тапса дейміз.

Жандос ЖАЗКЕН



Мейірім

Дерттінің дәруі – ақ халаттының жүрек жылуы

Дәрігерлер, жалпы ақ халатты жандар дегенде алғашқы ойыңа келетіні мейірім мен жылы сөз, жұмсақтық, аялы алақанның жылуын сезіну. Өрине дертке дауа таппай қиналып келген адам соңғы үмітін үкілеп, осы ауруханадан жанды қинаған дертіне шипа іздеп келеді. Оның үстіне қазір адамдар пандемиядан соңғы күйзелістен кейін иммунитеті әлсіреп, жүйкесі де жұқарған. Соңғы кезде аурухананың да, дәрігерлердің де есігін көп қағып жүрген соң медицина саласындағы көп жайға куә болдым десем қателеспеймін. Әсіресе ұзақ-сонар кезек күткен науқастарды көргенде өзіңнің ауруыңды ұмытып, Аллаға шүкір айтасың. Иә, мұнда тағдырдың сан сынағы пешенесіне бұйырған мүгедек сәбилер, арбаға тағылған үлкенді-кішілі жалпы дерттілер көп.

Әңгіме ауанынан байқап отырсаң, үлкендер жағы бұрынғы дәрігерлердің керемет қасиеттерін айтып, оларға барсаң дәрі-дәрмексіз-ақ жылы сөздерінен жадырап шыға келетінін жыр қып айтады. Шынында біздің бала кезіміздегі ақ халаттылар келген науқастың жанына жақындап, ауырған жерін қолымен басып, жүрегін тыңдап, айналасында бөйк қағатын. Қағазбастылық деген атымен жоқ еді. Дәрігер де, медбике де келген дерттіге ерекше қиынлығын қарап, қағаз жайына қалатын. Күніреніп келген науқас дәрігердің алдынан күліп шығатын. Сол құдірет неде деп ойлауыңыз мүмкін. Ол бір ауыз жылы сөздің, саған қараған жылы көзқарастың шипасы болатын. Ол кезде дәрігердің, уколдардың тізімі де дәл қазіргідей көп болмайтын. Осындай сәтте әйгілі әнші Мақпал Жүнісова қазақтың қара домбырасымен тебірене орындайтын «Бір ауыз сөз» термесі ойға оралады.

Бір ауыз сөз қасіретті тыяды, Бір ауыз сөз айықпас дерт қияды, Бір ауыз сөз ұшса бақыт құсы боп Бір ауыз сөз жаман атқа қияды.

Бір ауыз сөз таң шолпаның әперер, Бір ауыз сөз ананды боп мөлпер Бір ауыз сөз ұл туды деп қуанса, Бір ауыз сөз өке өлімін әкелер.



Бір ауыз сөз мұхиттарды жалғайды, Бір ауыз сөз ұран болып самғайды Бір ауыз сөз әлемге әйгі өткізсе, Бір ауыз сөз арсыз жанды алдайды.

Бір ауыз сөз жан тетігін табады Бір ауыз сөз мың өүрге салады Құмас жандар көз жұмарда қоштасып, Бір ауыз сөз айтысып қалады.

Бізді құртқан осы қағазбастылық па деп те кейде мұңға батасың. Соның кесірінен алдына батпандай аурумен келіп отырған науқасқа кейбір дәрігерлеріміз мысқалдай да жылы сөз айтпай, жансыз компьютердің мониторына қадалумен уақыт өткізіп жүр. Біздің медицинамыздағы бетіміздің қызаратын бір тұсы осы деонтология мәселесі екен. Бұл термин сөз болған соң түсінбеуіміз мүмкін, сондықтан тоқтала кетейін. Медициналық деонтология дегеніміз – медицина қызметкерінің адам баласы алдындағы, қоғам алдындағы атқаруға тиіс кәсіптік парызы мен өтеуге тиіс борышын оқытатын ілім.

Біздің дәуірімізге дейін IX ғасырда өмір сүрген атақты үнді дәрігерінің «Өмір кітабы» атты еңбегінде дәрігерге былай деген өсиет айтады: «Дәрігер іс жүзінде табысқа жету үшін өзінің дені сау, мұнтаздай таза, қарапайым, шыдамды, сақалы қысқа етіп бастырылған, тыр-

нақтары алынған, ақ жиде жұпыны киім киген болуы керек. Сөйлеген сөзі жұмсақ, жағымды, тартымды және үлкен үмітпен айтылуы қажет.

Дәрігердің ақ жүректі адал қайғыға ортақтасқыш, сезімтал тура мінезді, байсалды, ерекше сабырлы, асқан ақылды әрқашанда жақсылық істеуге тырысып тұратын адам болғаны абзал. Медицина қызметкерінің орта және кіші бұынды қызметкер әріптестері арасында сабырлы әрі ашық жарқын сөйлесуге міндетті. Дерекі немесе тым ресми сөйлесуге болмайды. Бұдан артық дәрігерге қандай даналық сөз, келелі кеңес айтуға болады?

«Сөз менеджменті» кітабында бір дәрігердің өз басынан өткен өкінішті оқиғасының жазбасын оқып, өз қателігін түсінген ақ халаттыға риза болдым. «Курсқа келгендегі себебім жұмыста жасы үлкен бір ақсақалға система салып жүргенмін. Ол кісі бірде таңғы уақытта келсе, бірде кеш келеді. Кейде тіпті келмей қалады. Ал система күнделікті бір уақытта құйылмаса, науқасқа еш әсері болмайды. Содан бір күні әлгі атамызға «Ата, 10 күндік системаңыз 20 күнге созылып кетті ғой. Бірде танда, бірде кешке келмей үнемі бір уақытта келмейсіз бе? Алыста тұрасың, бала-шағаныңа айтыңыз, күнделікті бір уақытта әкеліп тұрсын» деп

айтқаным сол еді, қарт кісі еңкілдеп жылай бастады. Сақалынан жас тамшылап отырған ұлқан адамды көріп бәріміз абдырап «Ата, тыныштық па, денсаулығыңыз мазалады ма?» деп бөйек болдық. «Еее, шырағым-ай, мен жетіскеннен көшіп жүргем жоқ. Отбасым жол апатына түсіп, қартайған шағымда бала-шағамнан көз жазып қалдым. Жүрек мазалаған соң келіп жүрген жоқпын ба осы системаға?...» дегенде, төбемнен жай түскендей болды. Университет қабырғасында жүргенде аудиторияда «Адамның тәнінен бұрын жанын емде» деген Ибн Синаның сөзіне мән бермейтін едік. Соны енді түсіндім. «Өзі қалт-құлт етіп отырған қарияның қайғысын үдетіп, жүрегін ауырттым-ау. Енді оған қандай дәрі берсем де жазыла қоймайды ғой» деген ой жегідей жеді. «Неге мен науқас адаммен тілдеспедім, неге алдымен оның тыныс-тіршілігімен танысып, көңіл-күйіне әсер ететін сөздің ретін тауып айта алмадым» деген өкініш өзегімді өртеді» дейді.

«Адамның тәнінен бұрын жанын емде» деген Ибн Сина нәткен данышпан. Әлемді мойындатқан ғалымның сөзіне құлақ асып, Гиппократ антына адал болғанымыз жән-ау.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның: сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1429

Кезекші редактор: Нұржамила АЛПАСҚЫЗЫ